

Тіркелген салық бойынша мөлшерлемесі туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 шілдедегі N 22-8 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 23 тамызда N 13-2-121 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірдегі N 3-2 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық мәслихатының 2012.04.12 шілдедегі N 3-2 Шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

«Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексінің 422-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Аққайың ауданы аумағында қызметті жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бір айға салық салу нысанның бірлігіне бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемесі қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. «Тіркелген салық бойынша мөлшерлемесі туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінің 2009 жылғы 16 шілдедегі 13-2-104 нөмірімен тіркелген және 2009 жылғы 30 шілдедегі № 30 «Колос» газетінде жарияланған) аудандық мәслихаты сессиясының 2009 жылғы 22 маусымдағы № 14-16 шешімі күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланған кезден он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*IV шақырылған XXII сессияның
төрағасы*

А. Тілеубергенов

Аудандық

мәслихатының хатшысы

Б.З. Біләлов

А у д а н д ы қ

2010 жылғы

26

шілдедегі

№

м ә с л и х а т ы н ы ң

22-8

шешіміне

қосымша

№ р/с	Салық атауы	салық салық нысанның	Бір айға салық салу нысанның бірлігіне бірыңғай тіркелген салық бойынша мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш бойынша)

1	Бильярд үстелі	3
---	----------------	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК